

ТЕКСЕРІЛДІ:

Үлгілерге
қолданылған
жазба

10.10.2025 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 13.10 – 17.10. 2025 жыл (3-апта)

Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы

Апта дәйексөзі: «Отанды сүю - отбасынан басталады!»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.10	Сейсенбі 14.10	Сәрсенбі 15.10	Бейсенбі 16.10	Жұма 17.10
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Жидектер»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» ҚР Гимн орындау (дүйсенбі күні)				
	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру				
	«Күй күмбірі» күй тыңдау Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында күй қою: «Саржайлау» күйі https://zvyki.com/song/182209311/Sarzhajlau_Tetimbet_-_Track_23/				
	«Өнегелі 15 минут» «Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер» Педагог өз қалауы бойынша бір баланы таңдап алып, оны шеңбердің ішіне отырғызады және басқа балалар өзіне осы баланың қандай қасиеттері ұнайтынын айтады. Педагог балаларға жауаптарының қайталанбауын ескертеді және				

	өзі үлгі ретінде осы баланың жағымды қасиеттерінің бірін әңгімелеп береді. Ойын осылай жалғасады.			
Сөздік минимум	Көк, жасыл, сары, қызыл, қоңыр. Мынау қандай доп Қарақат, құлпынай, таңқурай?		Сатушы, алма беріңізші, алыңыз, Рақмет!	
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<p>Ересек топ Тақырыбы: «Қызыл доп» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету: ә, ө, қ, ү, ұ; қарапайым сұрақтарға (қандай?) жауап беруді үйрету.</p> <p>Шаттық шеңбері Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін!</p> <p>Әңгімелесу Балалар, көздеріңді жұмыңдар. Қандай түс көріп тұрсыңдар? Енді көздеріңді ашыңдар, айналадан қандай түстерді көріп тұрсыңдар? Балалар, біз қоршаған ортадан көгілдір аспанды, сары күнді, жасыл шөпті көреміз. Әрбір түстің өз атауы бар, ендеше сол түстердің қазақша атауын біліп алайық.</p> <p>Бейнежазба көру «Түстер» Додекаэдр «Түстер» Ойын шарты: бала додекаэдрді лақтырады және түскен жақтың түсін атау керек.</p> <p>Топпен жұмыс</p>		<p>Мектепалды тобы Тақырыбы: «Жемістер» сюжетті-рөлдік ойыны Міндеттері: балалардың қазақ тілінде қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту: «жеміс», «көкөніс», «дүкен» тақырыптары бойынша сөздік қорды байыту: сыпайы сөйлесу үлгілерін (сәлемдесу, алғыс айту, қоштасу) қолдануға үйрету</p> <p>Қажетті көрнекіліктер: Пластикалық немесе макет жемістер мен көкөністер (алма, алмұрт, банан, жүзім, сәбіз, қияр, қызанақ). Себет, таразы, ойыншық ақша, дүкен сәресі, фартук, касса. «Жеміс дүкені» деген жазуы бар тақтайша.</p> <p>Сөздік жұмыс: Алма - яблoкo Алмұрт - грушa Банан - банан Жүзім - виноград</p>	

	<p>«Қара да түстерін ата» Мынау – сары. Мынау – қызыл. Мынау – көк. Мынау – жасыл. Мынау – қоңыр. Сұраққа жауап бер Мынау не? Мынау – доп. Мынау қандай доп? Сары доп. Мынау қандай доп? Қызыл доп. Мынау қандай доп? Көк доп. Мынау қандай доп? Жасыл доп. Мынау қандай доп? Қоңыр доп. Рефлексия «Бас бармақ» әдісі</p> <p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Жидектер» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; жидектердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. Жылулық шеңбері Педагог балаларды орындарынан тұрғызып, қазақ тілінде алдымен</p>		<p>Сәбіз - морковь Қияр - огурец Қызанақ - помидор Дүкен - магазин Сатушы - продавец Сатып алушы - покупатель</p> <p>Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар: – Сәлеметсіз бе! – Балалар, бүгін біз қызықты ойын ойнаймыз. Ол ойын – «Жеміс дүкенінде» деп аталады⁷</p> <p>Әңгімелесу Педагог үстелге әртүрлі жемістер мен көкөністер қойып, сұрақтар қояды: – Бұл не? (Бұл алма.) – Ал бұл не? (Бұл банан.) – Алманың түсі қандай? (Қызыл.) – Ал бананның түсі ше? (Сары.) Балалармен бірге сөздерді қайталайды, буындап айту, түстермен сәйкестендіру ойындарын өткізеді.</p> <p>Рөлдерге бөлу – Ал енді ойынымызды бастайық. Бір бала – сатушы, қалғандары – сатып алушылар болады. Балалар рөлдерін таңдайды.</p> <p>Ойын барысы:</p>		
--	---	--	---	--	--

	<p>топпен, содан соң әр баламен жеке-жеке амандасады, қал-жағдайын, көңіл- күйлерін, аттарын, жастарын сұрайды.</p> <p>Сұрақ-жауап Балалар, қазір қай мезгіл? Қазір күз мезгілі. Күз мезгілінде неше ай бар? Күз мезгілінде үш ай бар. Қыркүйек, қазан, қараша. Қазір қай ай? Қазір қыркүйек айы. Балалар, бүгін аптаның қандай күні? Бүгін сәрсенбі.</p> <p>Тақырып мазмұнын ашу Балалар, біз қандай көкөністерді білеміз, есімізге түсірейікші. Қияр, қызанақ, қызылша, қырыққабат, картоп, пияз, сәбіз. Жемістерді де атап шығайық. Алма, алмұрт, банан, шие, өрік, алхоры. Балалар, жидектерде де дәрумен (витамин) көп. Бірақ оларды жер алдында жақсылап жуу керек Балалар, біздің бүгінгі тақырыбымыз қалай аталады? Ия, жидектер деп аталады, бүгін біз жидектердің қазақша атауларын есте сақтаймыз.</p> <p>Бейнежазба көру «Жидектер» Топпен жұмыс «Тыңда, қайтала» Мынау не? Мынау – қарақат.</p>		<p>Дүкен сәресіне жемістер мен көкөністер қойылады. Сатушы: – Сәлеметсіз бе! Дүкенге қош келдіңіз! Сатып алушы: – Сәлеметсіз бе! Маған алма және банан беріңізші. Сатушы: – Міне, алыңыз. Алманың бағасы – 100 теңге, банан – 150 теңге. Сатып алушы: – Рахмет, міне, ақша. Сатушы: – Сау болыңыз! Сатып алушы: – Сау болыңыз!</p> <p>Әр бала сатушы мен сатып алушы рөлін кезекпен ойнайды.</p> <p>Сергіту сәті «Алма жинаймыз» қимылды жаттығуы: Біз баққа барамыз, Алма тереміз! Себетке саламыз, Алма – үлкен, дөңгелек, тәтті!</p> <p>Қорытынды – Қандай жемістер білесіңдер? – Дүкенде не істейміз? – Сатушы не істейді?</p>		
--	--	--	--	--	--

	<p>Қа-қа-қарақат, кат-кат-қарақат. Мынау не? Мынау – таңқурай. Таң-таң-таңқурай, қу-қу-таңқурай. Мынау не? Мынау – құлпынай. Қ-қ-құлпынай, ұ-ұ-ұқұлпынай. «Дұрыс ата» ойыны Балалар экраннан көрсетілген жидектерді қазақ тілінде атап шығады. «Бер, ал» ойыны Педагог балаларға үлестірмелі суреттер таратады, балалар бір-бірімен төмендегі үлгі бойынша сөйлеседі: Маған қарақат берші. Міне, ал. Есте сақтайық. Қара – черный, пайдалы – полезный. «Қарақат қандай?» ойыны Мынау не? Мынау – қарақат. Қарақаттың түсі қандай? Қарақат қара. Қарақат қандай? Қарақат пайдалы. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Бау-бақшаға барамыз қарақат, таңқурай, құлпынай Себетке жинап саламыз. Сергіту сәті: «Тәтті жемістер» Қорытынды: «Блум текшесі» Бала текшені лақтырады да түскен</p>		<p>Балаларды мақтайды, белсенді қатысқан балаларға смайлик немесе жапсырма береді.</p>		
--	--	--	---	--	--

	жақтағы жидектің атауын атайды.				
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	<p>«Қара да түстерін ата» Мынау – сары. Мынау – қызыл. Мынау – көк. Мынау – жасыл.</p> <p>Сергіту сәті «Алма жинаймыз» қимылды жаттығуы: Біз баққа барамыз, Алма тереміз! Себетке саламыз, Алма – үлкен, дөңгелек, тәтті! Мынау – қоңыр.</p>		<p>«Блум текшесі» Бала текшені лақтырады да түскен жақтағы жидектің атауын атайды.</p>		
«Мен Отаныммен мақтанамын» ертеңгілік «Адал азамат» бағдарламасы бойынша					
	<p>Тақпақ жаттау Отан – жерім, Отан – суым, Отан – қуат, нәр береді. Отан – ұран, Отан туым, Отан мәңгі гүлденеді.</p> <p>Тақпақ жаттау Елім менің! Әдемі екен таулары, Жайқалады орманы. Табиғатты аялап, Болам елдің қорғаны.</p>		<p>Тақпақ жаттау Туған өлкем Туған өлкем Кеңсің дала, Туған ана. Көйлегің кең, көк ала, Жан беретін Тән беретін Мейірімді ана сен ғана.</p>		
<p>«Айгөлек» ойыны Балалар шеңбер жасап тұрады, Сөздерін айтып, қимылмен көрсетеді. «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек, Айдай толған кезінде би билейді дөңгелеп». Сөзі біткен кезде қимылсыз қатып қалу керек. Кім қозғалып қойса, ойыннан шығады. Соңында қалғандар жеңімпаз атанады.</p>					

	<p>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</p>
--	--